



## Құрметті студент!

2018 жылы «Құқық - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B030100	«Құқықтану»	1. Мемлекет және құқық теориясы 2. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы 3. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы 4. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  1. Мемлекет және құқық теориясы
  2. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы
  3. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы
  4. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Мемлекет және құқық теориясы

1. Салалық заң ғылымдары:

- A) мемлекет және құқық теориясы
- B) криминалистика
- C) қаржылық құқық
- D) сот медицинасы
- E) азаматтық іс жүргізу құқығы
- F) прокурорлық қадағалау
- G) саяси-құқықтық ілімдер тарихы

2. Мемлекеттің алғашқы қауымдық құрамының биліктен айырмашылығы:

- A) салалық жүйесінің болуы
- B) халықты әлеуметтік деңгейі бойынша біріктіру
- C) білім жүйесінің болуы
- D) халықты территориясына сәйкес біріктіру
- E) қоғамды басқаратын арнаулы аппараттың құрылуы

3. Социалистік мемлекеттер:

- A) Куба
- B) Иордания
- C) Швабия
- D) Византия
- E) Вьетнам
- F) Оман
- G) Солтүстік Корея
- H) Малайзия

4. Мемлекеттің нысаны:

- A) салық жүйесі
- B) саяси мәдениет
- C) басқару нысаны
- D) құқықтық нысан
- E) жүйелеу нысаны
- F) құрылым нысаны
- G) заңдық режим
- H) саяси режим

5. Мемлекеттің сыртқы функцияларына жатады:

- A) салық салу
- B) әлемде бейбіт тәртіп сақтау
- C) ел қорғанысы
- D) экологиялық
- E) адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау
- F) дипломатиялық

6. Мемлекет механизмі:

- A) заңи күші бар нормативті құқықтық актілердің жүйесі
- B) мемлекет аппаратын ұйымдастыру
- C) қоғамдық ұйымдардың жүйесі
- D) саяси партиялардың жүйесі
- E) құқық қорғау жүйесі

7. Республика Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін жариялаған:

- A) Демократиялық
- B) Парламенттік
- C) Дамушы
- D) Дамыған
- E) Авторитарлы

8. Құқық:

- A) Қоғамдық пікір күшімен қамтамасыз етілген мінез-құлық ережелері
- B) Әлеуметтік нормалар жиынтығы
- C) Қоғам мүшелері басшылыққа алуы тиіс өнегелік және ізгілік қағидалары
- D) Негізгі бастамалар, ережелер, идеялар
- E) Қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар жүйесі
- F) Жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері
- G) Мемлекет шығарған, орындалуы қамтамасыз етіліп отыратын тәртіп ережелердің жиынтығы

9. Саяси жүйелердің негізгі функциялары:

- A) қоғамды саяси интеграциялау
- B) саяси құрылым
- C) саяси қызмет
- D) қоғам дамуының мақсатын анықтау
- E) саяси процестерді реттеу
- F) саяси сана

10. Судья құқық жүйесіндегі құқық шығарушы:

- A) Жалпы құқық жүйесінде
- B) Мұсылмандық құқық жүйесінде
- C) Англо-саксондық құқық жүйесінде
- D) Роман-германдық құқық жүйесінде
- E) Континталды құқық жүйесінде
- F) Англо-американдық құқық жүйесінде
- G) Дәстүрлі құқық жүйесінде

11. Техникалық нормалар бөлінеді:

- A) экологиялық
- B) корпоративтік
- C) құқықтық
- D) әдет-ғұрыптық
- E) агрономиялық
- F) моральдық
- G) діни

12. Заң:

- A) Парламентте қабылданатын, елдің түрлі салаларын реттейтін нормативтік құқықтық акт
- B) Тараптардың өзара келісімімен қамтамасыз ететін шарт
- C) Жоғарғы заңды күші бар нормативтік акт
- D) Мемлекеттік органдармен ресми түрде қабылданатын кез-келген құжат
- E) Қоғамның барлық мүшелерінің ерікті келісімі

13. Құқық нормасының белгілері:

- A) Мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілмейді
- B) Мемлекетпен танылған, жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі
- C) Диспозицияланған
- D) Қоғамдық қатынасқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді
- E) Қоғамдық қатнастарды реттеуге бағытталған

14. Заңдылық құқық шығармашылық қағидаларының бірі ретінде:

- A) Қабылданған заңдардың конституцияға сәйкестігі
- B) Актілерді дайындау мен қабылдауда уақытты дұрыс анықтау
- C) Құқықтық нормаларында халықтың еркінің көрініс табуының міндеттілігі
- D) Құқық нормаларының қабылдануының әлеуметтік мәліметтерін, салдарын болжау
- E) Шет елдік құқық шығармашылық тәжірибеге сүйену
- F) Заң жобаларын дайындау мен қабылдауда сауаттылық

15. Жария құқық:

- A) Барлық заңдар жиынтығы
- B) Бір тарап мемлекет болып табылатын қатынастарды реттейтін жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы
- C) Адамдар мен азаматтардың табиғи құқықтары мен бостандықтарының жиынтығы
- D) Мемлекеттік болып табылмайтын қатысушылардың теңдігіне негізделген қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы
- E) Әдет-ғұрып мораль, дәстүрде көрініс табатын ауызша жүріс-тұрыс ережелері
- F) Мемлекетке қатысты субъектілердің бағыныштығы орын алатын қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы
- G) Мемлекет пен басқа тұлғалардың арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы

16. Құқықтық нигилизм:

- A) құқықтың күші бар екендігіне сенбеу
- B) құқықтың қоғамға қажеттілігін негіздейтін қоғамдық саяси ой бағыты
- C) мемлекеттің шығуы туралы теориялар
- D) құқықтың негізгі қағидалары
- E) қоғамның құқықтық өмірінің сапалы жағдайы
- F) құқықтың құнсыздануы, заңды көзге ілмеу
- G) құқыққа деген оң көзқарас

17. Қоғамның құқықтық мәдениетінің құрылымының элементтері:

- A) нормативтік актілердің сандық дәрежесі
- B) заң нормаларының даму дәрежесі
- C) қоғамда заңдардың жүзеге асуы
- D) қоғамда салт- дәстүрдің даму дәрежесі
- E) қоғамда заң қызметінің даму дәрежесі
- F) қоғамдық құқықтық санасының деңгейі

18. Құқықтық қатынастың объектісі:

- A) ұлт
- B) адам әрекеті
- C) заттар
- D) заңды тұлға
- E) бағалы қағаздар

19. Құқық нормаларын іс жүзіне асыру:

- A) Құқық нормасын диспозициалау
- B) Құқық нормасын орындау
- C) Құқық нормасын реттеу
- D) Құқық нормасын пайдалану
- E) Құқық нормасын шығару
- F) Құқық нормасын санкциалау
- G) Құқық нормасын зерттеу

20. Құқық нормаларын ресми талқылау:

- A) жүйелік
- B) казуалдық
- C) сөзбе-сөз
- D) логикалық
- E) кеңейтілген
- F) шектелген

21. Құқықтық реттеу түрлерге бөлу критерийлері:

- A) құқық институттарына байланысты
- B) функционалдық қызметіне байланысты
- C) статистикалық қызметіне байланысты
- D) әлеуметтік жағдайын байланысты
- E) экономикалық жағдайына байланысты
- F) құқық саласына байланысты

22. Құқықтық мінез-құлықтың сипаттық белгілері:

- A) әлеуметтік жазалаушылық сипатқа ие болуы
- B) құқықтық ынталандыру шаралары қолданылмайды
- C) саналы сипатқа ие болуы
- D) заңмен орнықтырылған шекте болуы
- E) заңмен бекітілген шектен тыс болуы
- F) құқықтық мәжбүрлеу шараларынан

23. Құқықбұзушылықтың объективтік жағының факультативтік белгілері мен шарттары:

- A) әрекет жасау тәсілі
- B) мақсаты
- C) қасақаналығы
- D) уақыты
- E) жауаптылығы

24. Құқықтық тәртіптің белгілері:

- A) ру ақсақалдарының бірлескен шешімдерінің бірлігі
- B) мемлекет көлеміндегі құқықтық тәртіптің бірлігі
- C) феодалдардың еркінің құқықта көрініс табуы
- D) құқық табиғатының қалыптасу негізі
- E) жеке тұлғалардың тәртіпті орнату ісіне араласуы

25. Арнаулы құқықтық мәртебеге ие:

- A) отбасылар
- B) жарнама
- C) кәсіпқой
- D) дәрігер
- E) денсаулық
- F) ақпараттар

**Мемлекет және құқық теориясы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы**

1. Конституциялық құқық келесі нормалардан тұрады:

- A) Императивтік нормалар
- B) Материалдық нормалар
- C) Өкілеттік (құқық) беруші нормалар
- D) Міндеттеуші нормалар
- E) Тыйым салушы нормалар

2. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көздері:

- A) Жол жүру ережелері
- B) Қоғамдық бірлестіктердің нұсқаулықтары
- C) Конституциялық заңдар
- D) Ректордың шешімі
- E) Конституция

3. Конституцияның өзге нормативтік құқықтық актілерден ерекшелігі:

- A) Республика Парламентімен қабылданады
- B) Қазақстан Республикасының барлық аумағына тікелей қолданылады
- C) Республика Президентімен қабылданады
- D) Өзгертулер мен толықтырулар дағдылы тәртіппен енгізіледі
- E) Ең жоғары заңдық күшке ие

4. Халық билікті тікелей жүзеге асырады:

- A) мемлекеттік органдарға өз билігін жүзеге асыруды беру арқылы
- B) референдум және сайлау арқылы
- C) дебаттар арқылы
- D) референдум арқылы
- E) отырыстар арқылы
- F) сайлауарқылы

5. ҚР мемлекеттік рәміздері қатарына жатады:

- A) ҚР елтаңбасы
- B) ҚР территориясы
- C) Әр түрлі мөртаңбалар
- D) Конституциясы
- E) ҚР қолданатын мөрлері
- F) ҚРТУы
- G) ҚР картасы

6. Адам құқықтары мазмұны бойынша жіктеледі:

- A) негізгі және қосалқы құқықтар
- B) жекеазаматтық құқықтар
- C) бірінші, екінші және үшінші топтың құқықтары
- D) адам және азаматтарға қатысты құқықтар
- E) жалпы және жалқы құқықтар
- F) мемлекеттік құқықтар

7. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық принциптері:

- A) Құқықтар мен бостандықтардың әркімге тек мемлекетпен берілуі принципі
- B) Құқықтар мен бостандықтардың әркімге тумысынан жазылғандық принципі
- C) Лауазымдық мәртебеге байланысты заң мен сот алдындағы артықшылық принципі
- D) Діни ұстанымға байланысты адам және азаматқа артықшылық жасау принципі
- E) Заң мен сот алдындағы теңдік принципі
- F) Құқықтар мен бостандықтардың абсолюттігі және олардан ешкімнің айыра алмау принципі

8. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары:

- A) Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы
- B) Жоғары білім алу құқығы
- C) Сайлауға және сайлануға құқығы
- D) Денсаулығын сақтауға құқығы
- E) Өмір сүруге құқығы
- F) Бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге құқығы
- G) Бірлесу бостандығына құқығы

9. Мәжіліс депутаттығына үміткерге қойылатын талаптар:

- A) Мемлекеттік қызметте 7 жыл еңбек өтілі болу керек
- B) Мемлекеттік қызметте еңбек тәжірибесі болуы керек
- C) ҚР азаматтығында 1 жыл тұруы қажет
- D) Депутат болып сайлану үшін 18 жасқа толуы қажет
- E) ҚР азаматы болуы керек
- F) ҚР аумағында соңғы 10 жыл тұрақты тұруы керек
- G) Мәжіліс депутаты болып сайлану үшін жасы 25 – ке толу керек

10. Орталық сайлау комиссиясының мәртебесі және құзіреті болып табылады:

- A) Дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді
- B) Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады
- C) Азаматтарды сайлаушылар тізімімен таныстырады
- D) Президент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады
- E) Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады және олардың тізімдерін жариялайды
- F) Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуын бақылайды

11. Республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер:

- A) Рақымшылық пен кешірім жасау
- B) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау
- C) Республика Конституциясына, конституциялық заңдарына, заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу
- D) Бюджет пен салық саясаты мәселелерін шешу
- E) Республиканың мемлекеттік өмірінің маңызды мәселелерін шешу

12. Республика Президентінің Әкімшілігі:

- A) Республика Президентін елдегі істің жайы туралы уақтылы әрі толық хабардар етіп отырады
- B) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз етеді
- C) Президент шығарған актілерге қол қояды
- D) Республика Президентін зейнетақымен қамтамасыз етеді
- E) Мемлекетке опасыздық жасағаны үшін Президентті қызметінен кетіреді

13. ҚР Конституциясына сәйкес Республика Президенті:

- A) Рақымшылық жасайды
- B) Қарулы күштерді қаржыландыруға бақылау жасайды
- C) Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің басшысы болып табылады
- D) Республиканың Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіреді
- E) Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы
- F) Қарулы Күштердің қызметкері болып табылады

14. Қазақстан Республикасы Президенті қызметке тағайындайды:

- A) Мемлекеттік хатшыны
- B) Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасын
- C) Сенаттың барлық депутаттарын
- D) Парламент палаталарының төрағаларын
- E) Мәжіліс депутаттарын
- F) ҚР Конституциялық кеңесінің төрағасын
- G) ҚР Жоғарғы Сотының көмекшілерін

15. Парламент Палаталары төрағаларының өкілеттіктері:

- A) Үкіметке сенімсіздік білдіреді
- B) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды
- C) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау
- D) Депутаттарды мандатынан айырады
- E) Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады
- F) Конституцияға өзгертулер енгізу туралы бастамашылық білдіреді

16. Мәжілістің ерекше қарауындағы мәселелер:

- A) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру
- B) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау
- C) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнау
- D) Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау
- E) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру
- F) Республикалық бюджетті бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу
- G) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау

17. Парламент Палаталарының төрағаларының өкілеттіліктері:

- A) Заңдар қабылдайды
- B) Депутаттарды мандатынан айырады
- C) Үкіметке сенімсіздік білдіреді
- D) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді
- E) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды
- F) Конституцияға өзгертулер енгізу туралы бастамашылық білдіреді
- G) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды

18. Республика заңдарының атқарылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар:

- A) Маслихаттар
- B) Жоғарғы Сот
- C) Конституциялық Кеңес
- D) Үкімет
- E) Парламент

19. Заң шығару бастамасы құқығы тиесілі:

- A) Бас прокурорға
- B) Сайлаушыларға
- C) Республика Үкіметіне
- D) Парламент депутаттарына
- E) Республика Президентіне

20. Конституциялық Кеңес алғашқы шешімін қайта қарайды:

- A) Парламент палаталарының бірлескен отырысында
- B) Қабылданған шешімге негіз болған Конституция нормасы өзгерсе
- C) Премьер-министрдің қатысуымен
- D) Өз бастамасы бойынша
- E) Құқық қорғау органдарының ұсынысы негізінде
- F) Алғашқы шешім шыққан күннен бастап 5 жыл өткен соң
- G) Парламент депутаттарының және Президенттің қатысуымен

21. Конституциялық Кеңес келіп түскен өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартады:

- A) Республикада экономикалық дағдарыс болып жатса
- B) Конституциялық Кеңестің төрағасы ауырып қалған жағдайда
- C) Өтініште көрсетілген мәселенің конституцияға сәйкестігін Конституциялық Кеңес бұрын тексеріп қойған болса
- D) Заң жобасын Президент енгізген болса, ол туралы шешімі болса
- E) Президентті қызметінен кетіру туралы мәселе қаралып жатқан кезде

22. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қабылданады:

- A) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында
- B) Жоғарғы Сот судьялары санының кемінде үштен екі даусымен
- C) Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кемінде үштен екі кворумы болған кезде
- D) Жоғарғы Соттың ерекше отырысында
- E) Республика Президентінің шешуші даусымен
- F) Жоғарғы Сот судьялары санының көпшілік даусымен
- G) Парламент Сенатының отырысында

23. Жергілікті соттарға жатады:

- A) муниципалды соттар
- B) төрелік соттар
- C) облыстық және оларға теңестірілген соттар
- D) төтенше соттар
- E) аралық соттар
- F) аудандық соттар

24. Облыстық соттың органдары болып табылады:

- A) жалпы отырыс
- B) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы
- C) кассациялық сот алқасы
- D) бірлескен комиссиялар
- E) әкімдік
- F) есеп комитеті

25. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілері:

- A) мәслихаттардың актілерінің нысанын депутаттардың өздері анықтайды
- B) мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды
- C) әкімдер тиісті аумақта орындалуға міндетті шешімдер қабылдайды
- D) мәслихаттар да, әкімдер де жарлықтар шығарады
- E) әкімдер заң күші бар жарлық және өкімдер қабылдайды
- F) мәслихаттар төтенше жағдай кезінде заңдар қабылдайды

**Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы**

1. Азаматтық сот өндірісінің түрлері:

- A) Ерекше іс жүргізу бойынша өндіріс
- B) Талап қою (ісін жүргізу) бойынша өндіріс
- C) Алименттік міндеттемелер бойынша өндіріс
- D) Төрелік өндіріс
- E) Зиян келтіру міндеттемесі бойынша өндіріс
- F) Шаруашылық даулар бойынша өндіріс
- G) Ерекше талап қою (ісін жүргізу) бойынша өндіріс

2. Ұйымдастыру принциптеріне жатады:

- A) тараптардың айтысуы
- B) сотта іс қараудың жариялылығы
- C) сотта іс қараудың ауызша жүргізілуі
- D) заңдылық
- E) сотта іс қараудың тікелейлігі

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесушілер :

- A) аудармашы, куә
- B) маман
- C) заңды өкіл мен сот
- D) жауапкер мен заңды өкілдер
- E) сот пен прокурор
- F) сарапшы
- G) өкіл мен іске қатысушылар

4. Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтары:

- A) қарсылықтарын мәлімдеуге
- B) сотта төрағалық етушінің қаулыларына бағынуға
- C) іс материалдарымен танысуға
- D) сотқа екінші тарап растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға
- E) азаматтық құқық қабілеттігін тексеруге
- F) іске қатысатын адамдар істің нақтылы мән-жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы түрде мәлімдеуге
- G) дәлелдемелерді табыс етуге және зерттеуге

5. Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаның құқығы болып табылмайды:
- A) жазбаша түсініктемелер беруге құқығы
  - B) қарсылықтарын мәлімдеуге құқығы
  - C) талап қоюдан бас тарту құқығы
  - D) өтініш жасауға құқығы
  - E) іс материалдарымен танысуға құқығы
  - F) татуласу келісімін жасау құқығы
  - G) талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту құқығы
  - H) іске қатысушы адамдарға сұрақтар қоюға құқығы
6. Прокурордың талап қоюдағы міндеттерінің негізгі мақсаты:
- A) атқару парағын толтыру
  - B) қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау
  - C) азаматтық істі қарап, шешу
  - D) соттың шешімін орындау
  - E) заң бұзушылықты жоюға сот тәртібімен уақытылы және тиімді шара қолдану
  - F) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау
  - G) сот отырысының хаттамасын толтыруына нұсқау беру
7. Сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар:
- A) бұрын істі қараған және шешкен кезде судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе куәгер ретінде қатысса
  - B) жоғары заң білімі бар басқа да адамдар
  - C) мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері
  - D) заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері
  - E) тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі
  - F) кәсіптік одақтардың – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша уәкілетті өкілдері
8. Мәжбүрлеу мен жауаптылық шараларын сот төрелігі міндеттерін іске асыру мақсатында сот келесі тұлғаларға қолданады:
- A) сот хабарлауларын таратушыларға
  - B) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне
  - C) процестің басқа да қатысушыларына
  - D) іске қатысушы адамдарға
  - E) жеке азаматтарға және заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына



9. Азаматтық істерді талқылаудың және шешудің мерзімдері:

- A) талап түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірмей
- B) істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейін
- C) сот, тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар өтінішімен алты ай
- D) істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде азаматтық істерді қарайды және шешеді
- E) он күн

10. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады:

- A) Талап қоюшылар - асыраушының денсаулығының өзге де зақымдануына, сондай-ақ қайтыс болуына байланысты зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша
- B) Сол жерде қарау жүргізілуге байланысты шығындар
- C) Талап қоюшылар - асыраушының мертігуіне байланысты зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша
- D) Куәлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар
- E) Талап қоюшы өз талаптарын азайтқан жағдайларда
- F) Талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан жағдайларда
- G) Іс тараптардың бітімгершілік келісімімен аяқталған жағдайларда
- H) Талап қоюшылар - еңбекке ақы төлеу сомасын өндіріп алу туралы талаптар және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша

11. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін мәліметтер:

- A) кәмелетке толмағанның, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамның заңды өкілі шектелген құқықтар көлемінен алынған мәліметтер
- B) процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы
- C) істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар немесе жоқ екендігін анықтайтын мәліметтер
- D) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден
- E) қарсылық білдірілуге жататын тұлғаның процестік әрекетке қатысуына байланысты

12. Талап қою арызын қайтару:

- A) жауапкердің атауы, тұрғылықты жері, егер жауапкер ұйым болса, онда оның тұрған жері мен банктік ревизиттері көрсетілген құжат
- B) өреліктің нақ сол тараптар арасындағы нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі дау бойынша қабылданған шешімі болса және бұл туралы сотқа белгілі болса, судья талап қою арызын қабылдаудан бас тартады
- C) талап қою арызына талап қоюшы немесе талап қою арызына қол қоюға өкілеттігі болған кезде оның өкілі қол қояды
- D) іс осы соттың соттылығына жатпаса
- E) талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін реттеудің тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса
- F) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе

13. Азаматтық іс қозғау сатысында судья ұйғарым шығару ретінде шешімдердің біреуін қабылдайды:

- A) арбитражды соттың бастамасы бойынша істі қозғау
- B) талап қоюшыға мәлімдеу
- C) төрелік соттың бастамасы бойынша істі қозғау
- D) талап арызды қабылдау және өз қарауына алу
- E) талап арызды қабылдаудан бас тарту
- F) талаптың негіздемесі бойынша істі қозғау
- G) құқық мирасқорлығы өткен тұлғаның өтініші бойынша істі қозғау

14. Істі сот талқылауына тағайындау:

- A) іске қатысатын куәларға сұрақтар қояды
- B) іске қатысатын мамандарға сұрақтар қояды
- C) тараптың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындайды
- D) тараптарды және іске қатысатын басқа да тұлғаларды істің қаралатын уақыты туралы хабарландырады
- E) сот отырысында талқылауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады

15. Куәдан жауап алу тәртібі:

- A) әрбір куәдан жауап жеке-жеке алынады
- B) уақытты үнемдеу үшін барлық куәлардан жауап бір уақытта алады
- C) егер сот ертерек кетуге рұқсат бермесе, жауап алынған куә істі талқылау аяқталғанға дейін сот отырысы залында қалады
- D) куәдан жауап алу тәртібін сот бекітеді
- E) куәдан жауап талап қоюшының келісімімен алынады
- F) әлі айғақтар бермеген куәлар істі талқылау кезінде сот отырысы залында қала алмайды

16. Шешімнің уәждеу бөлігінде көрсетіледі:

- A) істің сот анықтаған мән-жайлары
- B) сот отырысының хатшысы мен тараптар
- C) шешім шығарған соттың атауы мен соттың құрамы
- D) соттың талап қоюды қанағаттандыру туралы немесе талап қоюдан толық немесе бір бөлігінде бас тарту туралы түйіні
- E) соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдамау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар
- F) талап қоюшының талаптарының, жауапкердің түсініктемелерінің және іске қатысатын үшінші тұлғалардың түсініктемелерінің қысқаша мазмұны
- G) дәлелдерін негіздеген дәлелдемелер

17. Сырттай шешімнің күшін жою туралы арызда көрсетіледі:

- A) соттың талап қоюды қанағаттандыру туралы мәлімет
- B) арыз берген тараптың атауы
- C) жауапкердің осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруінің мерзімі мен тәртібі
- D) сот шығыстарын бөлу туралы мәлімет
- E) сырттай шешім шығарған соттың атауы
- F) жауапкердің сот отырысына дәлелді себептермен келмей қалуын куәландыратын мән-жайлар туралы мәліметтер және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ сырттай шешімнің мазмұнына ықпал етуі мүмкін дәлелдемелер

18. Сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істерге жатады:

- A) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы
- B) сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу
- C) жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздар бойынша іс жүргізу
- D) алименті өндіріп алу
- E) бала асырап алу туралы арыздар бойынша

19. Сот бұйрығы шығарылатын талаптар:

- А) борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс туралы
- В) егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса
- С) уәкілетті органдар мәлімдеген борышкерді, жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру жөніндегі шығыстарды өтеу туралы
- Д) дәлелді себептермен өткізіп алынған қарсылық беру мерзімін ұзарту туралы істер бойынша
- Е) борышкерден өндіріп алушының пайдасына немесе тиісті бюджетке өндіріп алынуға жататын мемлекеттік баждың сомасы туралы істер болса
- Ғ) талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын құқық туралы даудың бары байқалған болса

20. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер:

- А) мемлекеттік басқару, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, кәсіподақтың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың мәлімдеуі бойынша
- В) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тыңдау қажет болса
- С) егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен, жеке кәсіпкерлер, азаматтар үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша
- Д) өндіріп алынуға жататын ақша сомаларының мөлшері немесе құны көрсетілген, талап етілуге жататын жылжымалы мүліктің белгілері
- Е) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса
- Ғ) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қаралса

21. Соттың татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымында:

- A) өндіріп алынуға жататын ақша сомаларының мөлшері немесе құны көрсетілген, талап етілуге жататын жылжымалы мүліктің белгілері
- B) борышкер мен арызданушының талаптарын тексеру әртібі
- C) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тыңдау жайлы
- D) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандыру тәртібі туралы
- E) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртібі
- F) татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату
- G) татуласу келісімінің шарттары және оны орындау мерзімдер

22. Апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту негіздері:

- A) сот отырысының хаттамасын жүргізу міндеттілігі осы Кодексте көзделген сот отырысы, жеке процестік әрекет хаттамасының істе болмауы
- B) азаматтық процестік құқық қағидалары бойынша қаралған істерді қоспағанда, сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмағанда қараған
- C) белгілі бір функцияларды жүзеге асыратын орган өкілдері туралы мәлімет болмаса
- D) қолданылуға жататын заңды қолданбаса
- E) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида бұзылмаған
- F) басқа да мүдделі тұлғаларды, сондай-ақ он жасқа толған баланың өзін іске қатысуын тарту туралы мәліметтер болмаса
- G) істі соттың заңсыз құрамы немесе соттылық туралы қағидаларды бұзып қараған

23. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілетін сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына берілетін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатта:

- A) қолданылуға жататын заң
- B) азаматтық процестік құқық қағидалары бойынша қаралған істер
- C) өтінішхат жіберіліп отырған соттың немесе лауазымды адамның атауы
- D) соттылық туралы қағидалар
- E) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида
- F) іске қатысатын адамдардың тұрғылықты жерлері немесе орналасқан жерлері көрсетіліп, оларды санамалау

24. Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіздер:

А) өндіріп алынуға жататын ақша сомаларының мөлшері немесе құны көрсетілген, талап етілуге жататын жылжымалы мүліктің белгілері

В) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған тараптардың, іске қатысатын басқа да адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық құқық бұзушылығы немесе судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы

С) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса

Д) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қаралса

Е) шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының не өзге де мемлекеттік орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады

Ғ) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тыңдау жайлы

25. Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін тану және орындаудың тәртібі:

А) Шетелдік соттың немесе төрелік соттың шешімі заңды күшіне енген кезден бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындауға берілуі мүмкін

В) Шетелдік соттың немесе төрелік соттың шешімі заңды күшіне енген кезден бастап бір жыл ішінде мәжбүрлеп орындауға берілуі мүмкін

С) Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін танудың және орындаудың шарттары мен тәртібі заңда белгіленеді

Д) Шет мемлекеттің заңында қарастырылған жағдайда белгіленеді

Е) Тараптар арасындағы келісім-шартпен белгіленеді

Ғ) Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін танудың және орындаудың шарттары мен тәртібін ҚР Жоғарғы Соты белгілейді

**Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы**

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін қайнар көздері:

- A) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
- B) Қазақстан Республикасының Азаматтық-процесс кодексі
- C) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
- D) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- E) Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары
- F) Жер туралы Заң
- G) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі

2. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы қағидатының мәні:

- A) Азаматқа қатал қарау салдарынан келтірілген зиян өтелуге тиіс
- B) Соттың үкімінсіз ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі деп тануға болмайды
- C) Жеке сипаттағы мәліметтерді пайдалануға және таратуға жол берілмейді
- D) Әрбір ұсталған адамға ұстаудың негізі дереу хабарланады
- E) Ешкім де өзінің кінәсіздігін делелдеуге міндетті емес

3. Қылмыстық қудалау органдары:

- A) Сот
- B) Қорғау тарабы
- C) Прокурор
- D) Тергеуші
- E) Анықтау органы

4. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар:

- A) Қорғаушысы талап арыз жазғандар
- B) Айыптау актісімен танысқандар
- C) Заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық күзетпен ұсталғандар
- D) Іс жүргізу барысында кез келген өзге де процестік мәжбүрлеу шараларына заңсыз ұшыраған адамдар
- E) Шағым берген тұлғалар
- F) Ақталған адамдар

5. Қылмыстық істі шешу барысындағы соттың мақсаты:

- A) Айыптауды жоққа шығару
- B) Заңды шешім қабылдау
- C) Қылмыстық істі тергеу
- D) Ақиқатқа жету
- E) Шындықты тану

6. Қылмыстық қудалау органдарына жатады:

- A) Жекеше айыптаушы
- B) Іс бойынша төрағалық етуші
- C) Тергеуші
- D) Сарапшы
- E) Сот приставы

7. Аудармашыға қарсылық білдіру туралы мәселені шешеді:

- A) Күзетші
- B) Заңды өкіл
- C) Анықтаушы
- D) Сарапшы
- E) Сот хатшысы
- F) Сот приставы

8. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу судьясының қаулыларына шағым жасауға құқылы:

- A) Куә
- B) Күдікті, оның қорғаушысы
- C) Жәбірленушінің заңды өкілі
- D) Процестік прокурор
- E) Маман
- F) Жәбірленушінің өкілі

9. Қылмыстық іс жүргізу құқығының екінші деңгейлік міндеттері:

- A) Қылмыстарды жою
- B) Заңсыз айыптаудан қорғауды қамтамасыз ету
- C) Заңсыз айыпталған адамды ақтау
- D) Қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу
- E) Адамның құқытары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау
- F) Заңды дұрыс қолдану әрі әділ сот жүргізу
- G) Қылмыстарды тез және толық ашу
- H) Қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту



10. Қорғалатын адам туралы мәліметке қолжетімділікті шектеу бұл:

- A) Негізгі іс жүргізуден адамның материалдарын бөлек сақтауы
- B) Жабық сот отырысының өткізілуі
- C) Қылмыстық істің материалдарынан адамның сауалнамалық деректері туралы мәліметтердің алынуы
- D) Айыпталушыға бұлтартпау шараларын қолдануы
- E) Прокурорға шағым жасалуы
- F) Бұл адамның бүркеншік ат пайдалануы

11. Қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдалануына жол берілмейді:

- A) Жедел-ізвестіру жолымен алынса
- B) Заңды түрде алынса
- C) Процестік әрекеттерді жүргізу тәртібін орындау арқылы алынса
- D) Тікелей бастау көзден шыққан ақпарат болуы
- E) Алдау және өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы алынса
- F) Белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден алынса
- G) Процестік әрекеттерді жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы алынса

12. Тергеушінің шақыртуы бойынша күдіктінің келмей қалуының дәлелді себептері:

- A) күдіктінің жұмыс орнын босатпауы
- B) табиғи апаттың орын алуы
- C) күдіктінің іс сапарда болуы
- D) жақын туыстарының қайтыс болуы
- E) күдіктінің келуіне мүмкіндік бермейтін ауру

13. Сот қандай жағдайларда азаматтық талап қоюды қараусыз қалдырады:

- A) Татуласу келісімін бекітілген
- B) Жасаған іс-әрекетінің сипатына қарай қоғам үшін қауіп төндірмейтін
- C) Медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізілген
- D) Азаматтық талапкердің бұл туралы өтінішхаты болған
- E) Азаматтық жауапкердің бұл туралы өтінішхаты
- F) Жасаған іс-әрекетінің жай күйіне қарай қоғам үшін дәрежесі орта болған
- G) Сотталушы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты ақталған

14. Кінәсін мойындап келу бұл:

- A) Әлі күдікті деп танылмаған адамның жазбаша немесе ауызша хабарлауы
- B) Қылмыстық құқық бұзушылық туралы еріксіз түрде адамның жазбаша немесе ауызша хабарлауы
- C) Өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке өзі хабарлауы
- D) Күдікті деп танылған адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алынғанда
- E) Жеке өзі және ерікті түрде өзге адамдардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлауы
- F) Күдікті деп танылған адамның ауызша хабарлауы
- G) Өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы өзге тұлғалар арқылы хабарлауы

15. Сотқа дейінгі тергеп- тексеру жүргізілетін жер:

- A) Қылмыстық құқық бұзушылық жазаны орындау
- B) Соттық сараптама өткізу жері
- C) Тергеу әрекеттері жүргізілетін орын
- D) Күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде
- E) Қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша
- F) Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде
- G) Жауап алынған жер

16. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы күдіктінің іс-әрекетін саралау қаулысында көрсетілуге тиіс:

- A) Қылмыстың жасалған уақыты мен орны
- B) Хаттаманы кімнің жасағаны
- C) Келтірілген зиян мөлшері
- D) Адамға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік ұсталғаны
- E) Істе оны тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлар
- F) Іс жүргізу тілі туралы шешім

17. Эксгумация жүргізу үшін негіздер қандай:

- A) Адам денесіндегі ерекше белгілерді куәландыру жүргізу талап етілгенде
- B) Бастапқы тексерудің жағдайы қолайсыз болғанда
- C) Адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап-тексеру талап етілгенде
- D) Тану үшін көрсету талап етілгенде
- E) Алғашқы тексеруден кейін алуды жүргізу талап етілгенде
- F) Оған дейінгі тергеу эксперименті сапасыз жүргізілген жағдайда

18. Сараптама міндетті түрде тағайындалады:

- A) Айғақтарды болған оқиғамен идентификациялау арқылы анықтауда
- B) Жасы туралы құжаттар болмаған немесе күмән туғызған жағдайларда, күдіктінің жасын анықтауда
- C) Өлімнің себептерін анықтауда
- D) Тексерілетін іс әрекет болған бағытты және орынды анықтауда
- E) Оқиғанан мән-жайларын қайта жаңғырту қажет болғанда
- F) Бұл туралы заңда қарастырылмағанда
- G) Күдіктінің психикалық немесе физикалық жай-күйін анықтауда

19. Басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда көрсетілуі тиіс мән-жайлар:

- A) Запастағы судья туралы шешім
- B) Істің аталған соттың қарауына жататындығы туралы мәліметтер
- C) Жауап алудың мән-жайы
- D) Қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің жасалғандығы туралы мәлімет
- E) Айыпталушының кінәлілігі не кінәсіздігі туралы мәліметтер
- F) Іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайдың болуы
- G) Сот ісін жүргізу тілі туралы шешім

20. Сотталушының айғақтарын жария етуге жол беріледі:

- A) Тергеу судьясы айғақтарды сақтауға қойған кезде
- B) Сотталушы сотта айғақ беруден бас тартқан кезде
- C) Сотталушының әрекеті заң талаптарына қайшы келсе
- D) Қатысушылар дәлелдемелерді сот отырысында зерттеуді талап етсе
- E) Сотталушы өзінің кінәсін толық көлемінде мойындаса
- F) Берілген айғақтардың арасында елеулі қайшылықтар болған кезде
- G) ҚПК-гі ережелердің бұзұлуына жол берілсе

21. Кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілері:

- A) Бірінші сатыдағы соттар шығарған, заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға өтінішхаттар бойынша, олар апелляциялық сатыда қаралғаннан кейін
- B) Қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша
- C) Апелляциялық сатыдағы қаулыларға наразылықтар бойынша істер
- D) Апелляциялық сатыдағы үкімдерге өтінішхаттар бойынша істер
- E) Апелляциялық сатыдағы үкімдерге наразылықтар бойынша істер
- F) Сот талқылауы барысында шығарылған үкімді орындауға байланысты мәселелер бойынша

22. Бірінші сатыдағы соттың қаулысы заңды күшіне енеді және орындауға енгізіледі:

- A) Соттың қаулысы облыс прокуроры қарағаннан кейін
- B) Жария етілген кезеңінен бастап күшіне енеді
- C) Қайта қарау сатысында істі жоғарғы сот қарағаннан кейін
- D) Сот приставы қарағаннан кейін
- E) Жекеше шағымдар келтірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін
- F) Шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң

23. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы прокурордың өтінішхатын қарап, сот мына қаулылардың бірін шығарады:

- A) Өтініш қанағаттандыру және сот үкімді өзгерту туралы
- B) Өтінішхатты қанағаттандырусыз қалдыру туралы
- C) Сот талқылауы талап етілмесе, істі тоқтату туралы
- D) Өтініш қанағаттандыру және сотталушыны ақтау туралы
- E) Істі тергеп-тексеру немесе жаңа сот талқылауын жүргізу үшін беру туралы

24. Қылмыстық қудалаудан дипломатиялық иммунитеті бар адамдар:

- A) Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, осы өкілдіктердің дипломатиялық персоналының мүшелері
- B) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидаттар, олардың отбасылары
- C) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, бірінші орынбасарлары, олардың отбасылары
- D) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамдар қолданылған адамға
- E) Егер дипломатиялық өкілдіктердің қызмет көрсету персоналының қызметкерлері

25. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын негізгі сұрақтардың мазмұны:

- А) Бұл іс-әрекетте кінәлілік дәрежесін арттыратын мән-жайлар дәлелденді ме
- В) Бұл әрекетте сотталушының субъективтік жағы дәлелденді ме
- С) Іс-әрекетте кінәлілік дәрежесін төмендететін мән-жайлар дәлелденді ме
- Д) Бұл іс-әрекеттің сотталушының жасамауына себептер болды ма
- Е) Бұл іс-әрекетте себепті байланыс бар ма
- Ғ) Бұл іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме
- Г) Бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме
- Н) Бұл іс-әрекеттің сотталушының жасағаны дәлелденді ме

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**